

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КеАҚ



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ:
ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА:
ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ**

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КөАҚ

**ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ
ПЕДАГОГИКА КАФЕДРАСЫ**



**«БУЛЛИНГТІҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ПРАКТИКА»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ**

22 мамыр, 2024 жыл

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
«АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ БУЛЛИНГА: ТЕОРИЯ И ПРАКТИКА»**

22 мая, 2024 года

**Астана
22 мамыр, 2024 ж.**

УДК 159.922.7

ББК 88.8

Б 83

Бас редактор/главный редактор:

Асылбекова М.П. – педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор (заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор)

Б 83 «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғыл.-прак. конф. материалдар жинағы (22 мамыр, 2024 жыл) = Сборник материалов межд. науч.-прак. конф. «Актуальные вопросы буллинга: теория и практика» (22 мая, 2024 года). / Бас ред./гл. ред.: Асылбекова М.П./ – Астана: «Бұлатов А.Ж.» ЖК, 2024. – 468 б. (с.)

ISBN 978-601-326-780-7

Жинаққа Қазақстан және шетел ғалымдарының, ЖОО оқытушыларының мектеп мұғалімдерінің, студенттер, магистранттар, докторанттардың мақалалары енгізілген.

В сборник включены статьи казахстанских и зарубежных ученых, преподавателей вузов, школьных учителей, студентов, магистрантов, докторантов.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы 2023-2024 жылдарға арналған бағдарламалық мақсатты қаржыландыру жобасы аясындағы «Буллингтің өзекті мәселелері: теория және практика» халықаралық ғылыми-практикалық конференция.

УДК 159.922.7

ББК 88.8

ISBN 978-601-326-780-7

© «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ, 2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Сомжүрек Б.Ж. –	ғылыми семинар төрағасы, әлеуметтік ғылымдар факультетінің деканы;
Асылбекова М.П. –	педагогика кафедрасының меңгерушісі, п.ғ.к., профессор;
Атемова К.Т. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	педагогика ғылымдарының докторы, профессор;
Албытова Н.П. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Сламбекова Т.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор;
Жубакова С.С. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Жукенова Г.Б. –	педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
Махадиева А.К. –	философия докторы (PhD), доцент м.а.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, аға оқытушы

ЧЛЕНЫ ОРГКОМИТЕТА:

Сомжүрек Б.Ж. –	председатель научного семинара, декан факультета социальных наук;
Асылбекова М.П. –	заведующая кафедрой педагогики, к.п.н., профессор;
Атемова К.Т. –	доктор педагогических наук, профессор;
Сейітқазы П.Б. –	доктор педагогических наук, профессор;
Шалғынбаева Қ.Қ. –	доктор педагогических наук, профессор;
Албытова Н.П. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Сламбекова Т.С. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Шолпанкулова Г.К. –	кандидат педагогических наук, профессор;
Жубакова С.С. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Жукенова Г.Б. –	кандидат педагогических наук, доцент;
Махадиева А.К. –	доктор философии (PhD), и.о. доцента.
Балтабаева Ж.Б. –	магистр, ст. преподаватель.

tion Programme // International Journal of Science Education. — 2011. — Vol. 33 (11). — P. 1571–1595.

8. Hazler T., Miller D., Carney J., Green S. Adult recognition of school bullying situations // Educational Research. — 2001.-P- 43-48.
9. Конституция РК
10. Административный кодекс РК
11. Уголовный кодекс РК

ҒТАМР 14.25.05

ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТРЕНИНГ МЕКТЕПТЕ БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУДЫҢ ТИІМДІ ӘДІСІ РЕТІНДЕ

Сулейменова Жансая Токтаровна

Zhansaya_toktarovna@mail.ru

әлеуметтік ғылымдар магистрі, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

Сейітқазы Перизат Байтешқызы

perizatbs@mail.ru

п.ғ.д., педагогика кафедрасының профессоры, Л.Н. Гумилев ат. ЕҰУ,
Астана, Қазақстан

Аннотация. Буллинг пен кибербуллингтің қазіргі қоғамда балалар мен жасөспірімдердің психикалық және физикалық денсаулығына айтарлықтай зиян келтіретін күрделі мәселе екендігі белгілі. Аталған ғылыми мақалада буллинг пен кибербуллингтің себептері мен салдары талданып, оқушылар арасында буллингтің алдын алудың белсенді әдісі ретінде әлеуметтік-психологиялық тренингтерді қолданудың тиімділігі қарастырылады. Астана қаласындағы мектептерде жүргізілген тренингтің нәтижелері ұсынылады.

Мақала BR 185744152 «Балаларға қатысты буллингтің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» тақырыбындағы Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің мақсатты қаржыландыру бағдарламасы аясында жарияланды.

Annotation. It is known that bullying and cyberbullying are a serious problem in modern society, which causes significant damage to the mental and physical health of children and adolescents. This scientific article analyzes the causes and consequences of bullying and cyberbullying, and also examines the effectiveness of using socio-psychological trainings as an active method of bullying prevention among students. The results of the training conducted in schools in Astana will be presented.

The article was published as part of the targeted funding program of the Science Committee of the Ministry of Science and Higher Education of the

Republic of Kazakhstan on the topic BR 185744152 «Research of topical aspects and development of measures to prevent bullying against children ».

Түйін сөздер: буллинг, кибербуллинг, тренинг, әлеуметтік-психологиялық тренингтер, рефлексия.

Keywords: bullying, cyberbullying, training, socio-psychological trainings, reflection.

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі – мектеп ортасындағы зорлық-зомбылық. Білім беру ұйымдарындағы буллинг мәселесі балалар мен жасөспірімдердің психикалық және эмоционалды жағдайына, сондай-ақ олардың білімді меңгеру үдерісіне кері ықпалын тигізуде. Өкінішке орай, балалар мен жасөспірімдер буллинг пен кибербуллинг көрінісінің мысалдарын тек теледидар экранынан ғана емес, күнделікті өмірден де көруде. Буллинг мектеп өмірінің әртүрлі салаларына, атап айтқанда: оқушылар мен мұғалімдердің қауіпсіздігіне, физикалық және психологиялық саулығына, тәрбие үдерісінің сапасы мен тиімділігіне, жалпы мектеп өмірінің мәдениетіне ықпалын тигізуде.

Буллинг және кибербуллинг – бұл өзгелерге қасақана қысым жасау мен зиян келтіруге негізделген агрессивті мінез-құлық түрлері. Бұл құбылыстар мектеп ортасында және онлайн кеңістікте кең таралған, сондықтан да психологтардың, мұғалімдер мен ата-аналардың бірлесе, ынтымақтаса жұмыс істеуін талап етеді. Буллинг көбінесе «бір немесе бірнеше адам тарапынан ұзақ уақыт бойы жүйелі түрде жүргізілетін және өзін қорғауға мүмкіндігі жоқ адамға бағытталған физикалық немесе әлеуметтік жағымсыз әрекеттер» ретінде қарастырылады.

Буллинг жеке тұлғаның деградациясынан, олардың пайда болуының жүйелілігінен және топтағы осы тәжірибенің салыстырмалы бірегейлігінен тұрады. Тиісінше, салдары да қауіпті: қысқа мерзімде буллингтен зардап шеккен балалар ұйқының бұзылуынан, психосоматикадан зардап шегеді және мектептен аулақ болуға тырысады. Ал, буллингтен ұзақ уақыт бойы зардап шеккен жасөспірімде депрессия қаупі артады, тіпті суицидтік ойлар пайда болуы мүмкін. Мектепті аяқтағаннан кейін де, қорқытудың құрбандары эмоционалды жалғыздықтан және қарым-қатынастағы мазасыз күйден зардап шегеді, яғни бұл буллингтен тәжірибесі жоқ адамдарға қарағанда өзін және құрдастарын жағымсыз қабылдауымен байланысты болады.

Зерттеу жұмысымыз аясында осы бағыттағы ғылыми әдебиеттер мен статистикалық мәліметтерді талдау, сондай-ақ мектептерде жүргізілетін әлеуметтік және психологиялық жұмыс бағыттарымен, осы саладағы мамандардың педагогикалық тәжірибесімен танысу жұмыстары жүзеге асырылды. Нәтиже көрсеткендей, ғылыми әдебиеттердегі буллингке қарсы жұмыс әр түрлі деңгейде қарастырылады: жеке тұлға, топ, мектеп және қоғам.

1970 жылы психолог Д.Олвеус алғаш боп мектептерге «буллинг» терминін енгізді. Мектептердегі буллинг мәселесінің шешімін табуға деген қызығушылығының себебін ол норвегиялық үш жасөспірімнің буллингтің

әсерінен өз-өзіне қол жұмсауымен түсіндірді. Бұл оқиғалар қазіргі күнге дейін орын алып келе жатқандықтан, мәселенің өзектілігі өзінің құнын жойған жоқ [1].

Психолог Х.Лейман 1980 жылдардың аяғынан бастап жұмыс орнында буллинг құбылысын зерттеп, оны мазмұнмен толықтыру үшін көптеген зерттеулер жүргізді. Ол «моббинг» ұғымын анықтап, оны зорлық-зомбылық пен жанжал сияқты ұқсас ұғымдардан нақты ажырата алды. Ол оны жәбірленуші үшін ең ауыр психологиялық салдарға әкелуі мүмкін ерекше коммуникативті жағдай деп санады. Д.Олвеус пен Х.Лейман өз жұмыстарымен буллинг мәселесі бойынша кеңірек әлеуметтік дискурстың дамуына серпін берді. Авторлар буллингті көп факторлы детерминациясы бар көп өлшемді құбылыс ретінде қарастырды [2].

Т.Г. Гришина буллингті қорлаудың бір түрі, қарым-қатынастың күрделі жүйесі ретінде түсіндіреді және онда үдерістің барлық қатысушыларының тәжірибесі мен мінез-құлқының әртүрлі формалары көрініс табады деп санайды. В.Л.Назаров, Н.В. Авербух, А.В. Буйначева буллинг құбылысын семантикалық кешеннің коммуникативті тобының жаңалығы ретінде ашады және қорқытуды жиі, әрі тұрақты түрде қайталанатын жағдайлар ретінде зерттеуді ұсынады [3].

Е.Н. Волкова мен И.В.Волкова буллингті жасөспірімдердің өзге бір адамға көрсететін агрессиясының көрінісі ретінде талдайды. Олардың пікірінше, буллинг құбылысын дұрыс түсіну үшін мағынасы бір-біріне жақын түсініктердің, яғни: агрессия, зорлық-зомбылық, құрбандық және т.б. аражігін ажыратып алу қажет [4].

Буллинг мәселесі күрделі болғанымен, әлі күнге дейін мектеп өмірінің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырылатын және мектеп қауымдастығының барлық мүшелерін қатыстыру арқылы буллингтің алдын алуға және оған қарсы тұруға мүмкіндік беретін кешенді бағдарламалар анықталмаған деуге болады. Сондықтан, осы бағыттағы шетелдік тәжірибелермен егжей-тегжейлі танысу қажеттілігі туындайды. Мектептегі буллинг – бұл Ресей, Еуропа, АҚШ, Австралия, Жапония, Канада елдерінде де кең таралған әлеуметтік құбылыс. Қазіргі уақытта дамыған елдерде де буллинг мәселесінің күрделілігі мойындалып, оны зерттеудің тәсілдері әзірленуде және профилактикалық бағдарламалар жүргізілуде. Бүгінгі таңда буллинг құбылысын зерттеуге теориялық көзқарастар ғана емес, сонымен қатар әртүрлі практикалық тәсілдер мен технологиялар қарастырылған. Осы саладағы кәсіби мамандардың қызметінде осы жағымсыз құбылыспен тиімді күресуге мүмкіндік беретін әртүрлі әдістер қолданылады. Көптеген зерттеу жұмыстарында буллингтің алдын-алудың тиімді әдісі ретінде ұсынылатын тәсілдердің бірі – әлеуметтік-психологиялық тренингтер.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтер – бұл әлеуметтік дағдыларды, өзін-өзі тануды, эмоцияларды басқаруды және өзгелермен сындарлы қарым-қатынасты дамытуға бағытталған арнайы әзірленген тәжірибелер мен жаттығулар жиынтығы. Көптеген зерттеушілердің пікірінше, буллингтің алдын алу

аясында осы әдісті пайдалану мектеп оқушылары арасындағы агрессия мен зорлық-зомбылық көріністерімен тиімді күресуге және конфликтілік жағдайлардың пайда болуына жол бермеуге мүмкіндік береді.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтерді белсенді топтық әдістерге жатқызуға болады. Ю.Н. Емельяновтың зерттеулеріне сүйенсек, белсенді топтық әдістер дегеніміз, бұл «...оқу немесе мақсатты топта қойылған оқу-танымдық, шығармашылық, психокоррекциялық тапсырмаларға тәуелсіз, коммуникативті процесстерді саналы белсендендіру» [5].

Тренинг әлеуметтік-психологиялық оқытудың белсенді әдісі ретінде топтағы шиеленісті жағдаяттарды өзара түсінісу позициясы негізінде шешуге жағдай жасайды. Топтық жұмыстың мазмұны мен бағытын біріктіре келе тренингтің келесі ортақ мақсаттарын бөліп қарастыруға болады:

- Топтың қатысушыларының психологиялық мәселелерін зерттеу және оның шешіміне көмек көрсету;

- Субъективті өзін-өзі сезінудің жақсаруы мен психикалық денсаулықтың нығаюы;

- Адамдармен гармониялық және нәтижелі қарым-қатынасты құру үшін тұлғааралық қарым-қатынастың тәсілдері мен психологиялық заңдылықтардың механизмдерін зерттеу;

- Ішкі және мінез-құлықтық өзгерістер негізінде қатысушылардың өзіндік санасы мен өзіндік ізденімпаздығын дамыту;

- Тұлғалық даму үдерісіне жәрдемдесу, шығармашылық әлеуетін жетілдіру.

Тренингтің топтық формада жүзеге асырылуының да бірқатар артықшылығы бар. Топтық тәжірибе тұлғааралық мәселелерді шешуге көмектеседі, топтың қатысушысы өзінің қиындықтарымен жалғыз қалмайды. Топтық тәжірибе қатысушылардың мәселелері тек оларға ғана тән еместігін, ондай сезімдер барлық адамның бойында болатындығын дәлелдеп көрсетеді. Тренинг әдісі мектепте буллинг жағдайларының алдын алуға ғана емес, сонымен қатар оқушылардың жеке басының жалпы дамуына ықпал етеді.

Тренинг барысында шынайы өмірдегі сияқты өзара байланыс пен қарым-қатынас жүйесі моделденеді. Бұл өзінің және өзге адамдардың мінез-құлықтық және қарым-қатынастық заңдылықтарының психологиялық қауіпсіз жағдайын көруге және талдай білуге үйретеді. Топ қатысушылары арасында кері байланыс орнайды. Қатысушылар топта өзін өзгеге ұқсатуға, мінез-құлықтың жаңа нәтижелі тәсілдерімен танысуға мүмкіндік алады. Тренинг барысында туындаған эмоциональды байланыс, жанашырлық, эмпатия тұлғаның өсуі мен өзіндік санасының дамуына әсерін тигізеді.

Топтағы өзара әрекеттесу, топтық динамика әр қатысушының психологиялық мәселелерін түсінуге көмектесетін қысымды тудырады. Психологиялық қысым қосымша кедергілерді тудырғанымен, қатысушылардың одан әрі ашылуын, рефлексиясы мен өзін-өзі тану үдерісін күшейтеді.

Әлеуметтік-психологиялық тренингтердің балалар мен жасөспірімдер арасында буллинг мен кибербуллингтің алдын алудың тиімді әдістерінің бірі

екендігін төмендегідей аспектілер арқылы да растауға болады, атап айтқанда:

1. *Әлеуметтік дағдыларды дамыту*: әлеуметтік-психологиялық тренингтер балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік дағдыларын дамытуға ықпал етеді, олардың эмоцияларын, басқаларға деген эмпатиясын, салауатты қарым-қатынас орнату қабілетін жақсы түсінуге көмектеседі. Бұл дағдылар оқушыларға сындарлы қарым-қатынас жасауға, жанжалдардан аулақ болуға және буллингтік әрекеттерге қатыспауға көмектеседі.

2. *Эмоционалды интеллектті арттыру*: әлеуметтік-психологиялық тренингтер балалар мен жасөспірімдердің эмоционалды интеллектін дамытуға көмектеседі, бұл оларды әртүрлі жағдайларда эмоциялар мен реакцияларды түсінуге және басқаруға қабілетті етеді. Бұл стресстік жағдайларға лайықты жауап беруге және қорқытуға қатысу ықтималдығын азайтуға ықпал жасайды.

3. *Басқаларға құрмет көрсету*: тренингтер арқылы оқушылар басқа адамдарды және олардың айырмашылықтарын құрметтеуге және бағалауға үйренеді. Бұл әркімнің жеке басын құрметтеу тұлғааралық қатынастардың негізі болып табылатын толерантты атмосфераны құруға ықпал етеді. Басқа адамдарға құрмет көрсету агрессия мен кемсітушіліктің ықтималдығын азайтады.

4. *Жанжалдарды тиімді шешу дағдыларын дамыту*: әлеуметтік-психологиялық тренингтер балалар мен жасөспірімдерді қақтығыстарды тиімді шешуге және олардан шығудың сындарлы жолдарын табуға үйретеді. Бұл буллинг пен кибербуллингке әкелуі мүмкін жағдайлардың алдын алуға көмектеседі, өйткені оқушылар қарым-қатынас пен мәселелерді шешудің балама жолдарын табуға дағдыланады.

Осылайша, әлеуметтік-психологиялық тренингтер балалар мен жасөспірімдерде салауатты әлеуметтік дағдыларды, өзгелердің жеке басын құрметтеуді және тиімді қарым-қатынас жасау және конфликтілерді шешу қабілетін қалыптастырудың маңызды құралы болып табылады. Мектептерде және басқа білім беру мекемелерінде осындай тренингтерді өткізу балалар мен жасөспірімдер үшін салауатты және қауіпсіз білім беру ортасын құруға жағдай жасайды.

Жоғарыда айтылғандай, тренингтерді пайдаланудың тағы бір маңызды аспектісі – оқушылардың эмоционалды интеллект дағдыларын дамыту қажеттілігі. Бұл өз эмоцияларын тану және басқару, басқаларға жанашырлық таныту, қарым-қатынас жасау және айналасындағыларға оң көзқарас қалыптастыру үшін өте маңызды. Тренингтер оқушыларға өздерінің және басқа адамдардың эмоцияларын жақсы түсінуге көмектесіп қана қоймайды, сонымен қатар қарым-қатынас, ынтымақтастық, жанжалдарды шешу дағдыларын дамытады, сонымен қатар салауатты өзін-өзі бағалау мен эмпатияны қалыптастыруға ықпал етеді. Практикалық жаттығулардың арқасында мұндай тренингтер құрмет, толеранттылық және өзара түсіністік басым болатын жағымды атмосфераны қалыптастыруда қуатты құрал бола алады.

Сонымен қатар, оқушылардың оқу үлгерімін, ортаға бейімделуін және психологиялық тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Әлеуметтік-психологиялық тренингтерді мектеп бағдарламасына білім берудің міндетті құрамдас бөлігі ретінде енгізу буллинг құбылыстарына барынша қарсы тұруға және әрбір оқушы үшін жайлы орта құруға мүмкіндік береді.

BR18574152 «Балаларға қатысты буллинктің алдын алу шараларын әзірлеу және оның өзекті аспектілерін зерттеу» ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің мақсатты-қаржыландыру бағдарламасы аясында 2024 жылдың мамыр айында Астана қаласындағы Абай Құнанбайұлы атындағы №87 мектеп-гимназиясы мен Мұхтар Әуезов атындағы №86 мектеп-гимназиясының оқушыларымен буллинктің алдын-алуға бағытталған тренингтер өткізілді. Тренингтерге аталған мектептерден 50 шақты оқушы қатысты. Тренингтер бағдарламасы топтағы психологиялық ахуалды жақсартуға, жеткіншектердің өз-өздеріне деген сенімділіктерін арттыруға, топтағы қарым-қатынас мәдениеті мен эмпатиясын жоғарылатуға, өзгенің жеке басын құрметтеуге, оқушылар арасындағы буллинг және кибербуллинктің алдын алуға және туындаған конфликт жағдайларда сындарлы әрекет етуге дағдыландыруға бағытталды. 4 күнге арналған тренингтер бағдарламасында: «Мектептегі буллинг жағдайын талдау» жаттығуы, «Жапсырмалар» жаттығуы, «Өз қасиеттерінің дамуын бағалау» жаттығуы, «Көңіл-күйімнің түсі» жаттығуы, «Лайықты жауап» жаттығуы, «Ережелер жинағы» жаттығуы, «Ұнамды комментарий» жаттығуы және т.б. тапсырмалар қамтылды.

Оқушылармен кері байланыс орнатуға және олардың тренингтен алған әсерін талдауға бағытталған «Апельсин, шырын, қабық» және «Мен бәріне рақмет айтамын» жаттығулары орындалды. Жаттығулар келесідей негізгі сұрақтарға жауап алуға мүмкіндік жасады:

1. Буллинктің алдын алуға бағытталған тренингке қатысқаннан кейін, сіз конфликтілер немесе мәселелер туындаған жағдайда басқа балаларға қалай көмектесуге болатынын түсіндіңіз бе?

2. Тренинг сізге буллинг немесе жанжал жағдайларына жауап берудің тиімді стратегияларын үйренуге көмектесті деп ойлайсыз ба?

3. Буллинктің алдын алуға бағытталған тренингке қатысқаннан кейін мінез-құлқыңызда және айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынасыңызда қандай нақты өзгерістерді байқадыңыз?

4. Тренинг сізге буллинг белгілерін тануға және оның алдын алу үшін шаралар қабылдауға көмектесті деп ойлайсыз ба?

5. Сіз тренингтен алған біліміңіз бен дағдыларыңызды күнделікті өмірде буллинг жағдайларының алдын алу үшін қолданасыз ба?

Жүргізілген тренинг нәтижелері көрсеткендей, қатысушылардың 85% жуығы жаттығуларға белсене қатысып, өз ойларын еркін білдірді. Рефлексия барысында буллинг пен кибербуллинг жағдайларында дұрыс әрекет ету жолдарын үйреніп, толеранттылық пен эмпатия сапасын жоғарылатудың маңыздылығын түсінгендіктерін көрсетті. Тренинг жаттығуларының орын-

далу нәтижесі топтағы қатысушылардың бір-біріне деген өзара құрмет пен қарым-қатынас мәдениетінің жақсарғанын байқатты.

Қорыта келгенде, осы саладағы зерттеулер мен жүргізілген тренинг нәтижелері көрсеткендей, әлеуметтік-психологиялық тренингтер мектептегі климатты жақсартуға, агрессия деңгейін төмендетуге, оқушылардың өзін-өзі бағалауын арттыруға, сондай-ақ олардың эмпатиясы мен конфликтілерді шешудің сындарлы тәсілдерін таба білу іскерліктерін дамытуға ықпал етеді. Сондықтан да, буллинг пен кибербуллингің алдын алу мақсатында мектептердің білім беру бағдарламаларына әлеуметтік-психологиялық тренингтерді енгізу ұсынылады. Мұндай тренингтерді мектепшілік іс-шаралар ретінде немесе жалпы сыныптармен жүргізілетін психологиялық жұмыстар аясында өткізуге болады.

Осылайша, әлеуметтік-психологиялық тренингтің өткізілуі қауіпсіз және үйлесімді мектеп ортасын құруға ұмтылатын мектеп ұжымы мен ата-аналар үшін маңызды. Мектеп тәжірибесінде әлеуметтік-психологиялық тренингті пайдалану және енгізу буллингің алдын алу және оны еңсеру, салауатты психологиялық ортаны қалыптастыру және оқушылардың жеке басының толыққанды дамуын қамтамасыз ету бағытындағы маңызды қадам болып табылады.

Пайдаланған дереккөздер тізімі

1. Olweus D. Bullying at school: What we know and what we can do. – Malden, MA: Blackwell Publishing, 1993.-140 pp.
2. Leymann H. Mobbing. Psychoterror am Arbeitsplatz und wie man sich dagegen wehren. – Reinbek bei Hamburg, 1997. - 128-135 pp.
3. Гришина Т.Г. Социально-психологические условия формирования виктимности у подростков в ситуации школьной травли // Psychology. Historical-critical Reviews and Current Researches. 2019.- 320-331 pp.
4. Волков Б.С. Психология подросткового возраста: учебник / Б. С. Волков. – Москва: КноРус, 2022.-266 с.
5. Буллинг в школе: вопросы противодействия и профилактики. Методические рекомендации (для школьной администрации, учителей и психологов). – Уфа, 2021. - 23 с.
6. Асылбекова М.П., Қасымбекова Г.К., Кунанбаева А.Ж., Өтемисова Г.У., Сулейменова Ж.Т. Балаларға қатысты буллингің алдын-алу: тренингтер жинағы. – Астана: «Буллатов А.Ж.» ЖК, 2023.-148 б.

FTAMP 14.25.05

БАЛАЛАР АРАСЫНДА БУЛЛИНГТІҢ АЛДЫН АЛУ ЖОЛДАРЫ

Ермек Олжас Ерсинханұлы
olqqasqq@gmail.com

Медицина факультетінің студенті, КРМУ, Алматы, Қазақстан

Аннотация. Балаларды қорлау – оны шешуге кешенді көзқарасты қажет ететін күрделі мәселе. Бұл жұмыста балалар арасындағы қорлаудың алдын